

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 21 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 27-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 21 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі тиісті нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2016 жылғы 29 сәуірдегі
№ 27-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 21 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық және құқықтық актінің атауы	Нормативтік құқықтық және құқықтық актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Нормативтік құқықтық және құқықтық актінің сапалы және уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты тұлға
1	2	3	4	5	6
	"Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы	Қазақстан Республикасы Ұлттық			

1.	№ 264 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	экономика министрінің бұйрығы	ҰЭМ	2016 жылғы маусым	Т. М. Жақсылықов
2.	Тағамға биологиялық активті қоспаларды жарнамалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы	ҰЭМ	2016 жылғы маусым	Т. М. Жақсылықов
3.	Тамаққа биологиялық активті қоспалардың қауіпсіздігін ғылыми негізделген растау жөніндегі жұмыстарды жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы	ҰЭМ	2016 жылғы маусым	Т. М. Жақсылықов
4.	Курортология ғылыми орталықтарының табиғи минералды суларды пайдалануға бальнеологиялық қорытындылар беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы	ҰЭМ	2016 жылғы маусым	Т. М. Жақсылықов
5.	Тамаққа биологиялық активті қоспалардың айналымы қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы	ҰЭМ	2016 жылғы маусым	Т. М. Жақсылықов
6.	"Адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнімді мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы шешімді кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 4 маусымдағы № 420 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы	ҰЭМ	2016 жылғы маусым	Т. М. Жақсылықов

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:

ҰЭМ - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі